



**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір бұйрықтарына жаңартылатын энергия көздері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 29 қарашадағы № 433 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 қарашада № 35427 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір бұйрықтарына жаңартылатын энергия көздері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 29 қарашадағы  
№ 433 Бұйрықпен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына жаңартылатын энергия көздері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін тізбе**

1. "Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидалары осы тізбеге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;

2) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын ескере отырып, осы жаңа объектілерді, оның ішінде электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақталған объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін

пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

3) басым тұтынушылар – құрамына тікелей тұтынушылар және (немесе) өнеркәсіптік кешендер, электр энергиясын өндіру үшін қазба отындарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлға немесе тұлғалар тобы және (немесе) өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта өткізетін, жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін, оның ішінде алдағы жеті жылдық кезеңге арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды балансында есепке алынбаған, істен шыққан электр қуаттарын реконструкциялаудан кейін пайдалануға берілген) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін энергия өндіруші ұйымдар;

4) гибриді топ – электр энергиясын өндіру кезінде жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланудың жиынтық үлесі кемінде жиырма бес пайыз болатын, бір энергия торабында орналасқан және уәкілетті орган бекіткен тәртіппен гибриді топтар тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тобы;

5) гибриді топтың әкімшісі – гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын осы гибриді топ ішінде және (немесе) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында кейінен тұтынушыларға өткізу (сату) мақсатында сатып алуды (сатып алуды) жүзеге асыратын, гибриді топқа кіретін, сондай-ақ гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылар үшін теңгерім провайдері болып табылатын заңды тұлға;

6) гибриді топ тұтынушысы – электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын және гибриді топтардың тізбесіне енгізілген тұтынушы;

7) есепті кезең – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-ден басталатын және тиісті айдың соңғы күні 24.00-де аяқталатын, оның нәтижесінде электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің есептеулері жүргізілетін күнтізбелік ай;

8) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындаған, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

9) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – Субъект) – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

10) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі (бұдан әрі – ЖЭК пайдалану объектісі) – ЖЭК пайдалана отырып электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылым;

11) жасыл тариф – уәкілетті орган бекіткен ЖЭК қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

12) жасыл энергияны тұтынушы – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын жасыл тарифтер бойынша ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

13) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі - нақты теңгерім) – жүйелік оператор жасаған есепті кезең ішінде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемдерін көрсететін құжат;

14) қайталама энергетикалық ресурстар – электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ферроқорытпа, кокс және доменді газдарды пайдалану бөлігінде өнеркәсіптік өндіріс процесінде жанама өнім ретінде түзілетін энергетикалық ресурстар ;

15) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және олармен өзара байланысты, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық жағынан қажетті және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы құрылысжайлар мен инфрақұрылым;

17) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және олармен өзара байланысты қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға технологиялық тұрғыдан қажетті құрылысжайлар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

18) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – ҚЭКЖ субъектісі) – Заңға және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) коммерциялық есепке алу аспабы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр қуатын, электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

20) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамындағы меншік, жалға алу немесе өзге де заттық құқықтағы генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

21) сатып алу шарты – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы мен Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектісі арасында жасалған электр энергиясын сатып алудың ұзақ мерзімді шарт;

22) теңгерімдеуші нарық жүйесі - электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға арналған өтінімдерді және сатуға арналған өтінімдерді беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыру, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін айқындау, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін айқындау, жүйелік оператормен келісілген бекітілген тәуліктік кестеге түзетулер енгізу, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыру, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеу, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағаттық бағаларын есептеу, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағаттық бағалары;

23) тікелей тұтынушылар - жасалған екі жақты шарттарға сәйкес өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме сауда тұтынушылары;

24) тіркелген тариф – ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын осы Заңда белгіленген тәртіппен қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алуына арналған тариф;

25) уәкілетті орган – ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

26) шартты тұтынушы – өзімен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, Заңға сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және басым тұтынушы;

27) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 32-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті

орган айқындайтын, көрсетілген Заңда көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

28) электр энергиясын жинақтау жүйесі – электр энергиясын жинақтауға, сақтауға және беруге арналған автоматтандырылған басқару жүйесі бар техникалық құрылғы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, онымен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылым.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.";

21-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Өтінімді және ұсынылған құжаттарды қарайды. Субъект осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген құжаттарды толық көлемде ұсынбаған немесе Өтінім осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанға сәйкес келмеген кезде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, Өтінімді қайтарады.";

23-тармақтың б) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"б) Субъект Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 58-1-тармағына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасты және төлем жасаған кезде сатып алу шартын жасады.";

24-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"24. Сатып алу шарты Ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін сатып алу шартының үлгілік нысанына сәйкес ресімделеді. Сатып алу шартында аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне сәйкес Субъект үшін аукциондық бағасы көрсетіледі. Сатып алу шартында көрсетілген аукциондық баға 20 (жиырма) жыл ішінде жыл сайын индекстеле отырып, энергия беруші ұйымның электр желілеріне электр энергиясы берілген электр станцияларының электр қондырғыларын кешенді сынақтан өткізу басталған күннен бастап уәкілетті орган Заңның 6-бабы 73) тармақшасын сәйкес бекіткен Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағалардың тарифтерін айқындау қағидаларына сәйкес қолданылады .";

27-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Субъект қол қойған сатып алу шартының екі данасын алған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларға қол қояды және Өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша сатып алу шартының қол қойылған бір данасын Субъектіге жібереді немесе электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орналасқан жері бойынша Субъектінің уәкілетті өкіліне қолма-қол береді.";

30-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"30. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив оларды сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап:

күн электр станциялары үшін – 25 (жиырма бес) айдан кем емес;

жел және биогаз электр станциялары үшін – 37 (отыз жеті) айдан кем емес;

гидроэлектр станциялары үшін – 61 (алпыс бір) айдан кем емес қолданылу мерзімімен алушының (бенефициардың) нұсқауы бойынша толық немесе бөлшектеп орындау мүмкіндігі көзделген, қайтарылуға жатпайды.";

49-тармақ келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) ҚЭКЖ субъектісінің бастамасы бойынша осы Қағидалардың 50-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнен бұрын сатып алу шарты бұзылған кезде жүзеге асырылады.";

62-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"62. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды тікелей тұтынушыларға және өнеркәсіптік кешендерге олардың электр энергиясын тұтыну аймағын ескере отырып мынадай формула бойынша бөледі:

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{тт.өк}} = \frac{W_{\text{ктме.}i}^{\text{тт.өк}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{шт.гт.}i}^{\text{экнс}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{ктме.}i}^{\text{экнс}})} * (\sum_{i=1}^1 (W_{\text{жэк.}i}^{\text{бс}}) - \sum_{i=1}^{\theta} W_{\text{жэк.}i}^{\text{жас}}) +$$

$$\frac{W_{\text{ктме.}i}^{\text{тт.өк}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{шт.гт.}i}^{\text{экнс}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{ктме.}i}^{\text{экнс}}) - \sum_{i=1}^p (W_{\text{ктме.}i}^{\text{бт.гт}})} * \sum_{i=1}^k (W_{\text{бт.гт.}i}^{\text{іріктеу}});$$

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{тт.өк}}$$

– тікелей тұтынушылар мен өнеркәсіптік кешендер үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі (электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемі);

$$W_{\text{ктме.}i}^{\text{тт.өк}}$$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын тікелей тұтынушылардың және өнеркәсіптік кешендердің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі.

$W_{шт,гт.і}^{ЭКНС}$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын тікелей тұтынушылардың және өнеркәсіптік кешендердің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$W_{ктме.і}^{ЭКНС}$

– цифрлық майнерлерді, жасыл энергияны тұтынушыларды және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай электр энергиясын сатып алушыдан сатып алған, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің ең төменгі рұқсат етілген сағаттық сатып алу көлемінің мәніне тең, Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес айқындалатын, жүйелік оператор бекіткен ( түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген, электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі.

$W_{жэк.і}^{БС}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алған ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$W_{ктме.і}^{БТ,ГТ}$

– осы басым тұтынушымен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын басым тұтынушының және гибриді топтың тұтынушысы осы гибриді топтың әкімшісімен бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$W_{жэк.і}^{БТ,ГТ}$

– басым тұтынушыдан және немесе гибриді топ әкімшісіне ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$W_{жэк.і}^{БТ,ГТ}$

– басым тұтынушы мен гибриді топтың әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі;

$W_{жэк.і}^{іріктеу}$

– басым тұтынушыдан және немесе гибриді топтың әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есептеудің жоспарлы көлемі мына мәндердің ең азы ретінде айқындалады;



$W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}$  и  $W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}}$  ;

$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{жасыл}}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жасыл энергия тұтынушыларына сатқан ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі.

$i$  – сәйкесінше 1-ден  $k$ ,  $l$ ,  $m$ -ге, тиісінше,  $r$ -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$r$  – жоспарлы тұтыну көлемін меншік құқығындағы генерациялық қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын гибриді топтардың шартты тұтынушыларының және (немесе) әкімшілерінің саны;

$m$  – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған цифрлық майнерлер мен жасыл энергияны тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

$l$  – есеп айырысу-қаржы орталығымен және бірыңғай сатып алушымен жасалған ЖЭК пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, ЖЭК (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны ;

$\theta$  – есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес бірыңғай сатып алушыдан сатып алған жасыл энергия тұтынушылар саны;

$k$  – басым тұтынушыдан және (немесе) гибриді топ әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есептеудің жоспарлы көлемінің саны;

$p$  – жоспарлы тұтыну көлемі меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын гибриді топ әкімшілерінің және (немесе) басым тұтынушылардың саны."

5-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға және гибриді топтардың әкімшісіне ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындардың үлестерін қайта есептеу және қайта бөлу тәртібі";

72-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"72. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды басым тұтынушыға және гибриді топтың әкімшісіне мынадай формула бойынша бөледі:

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{БТ,ГТ}} = \frac{W_{\text{ктме.}i}^{\text{БТ,ГТ}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{шт.гт.}i}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{опт.}i}^{\text{ЭКНС}})} * (\sum_{i=1}^1 (W_{\text{жэк.}i}^{\text{БС}}) - \sum_{i=1}^{\theta} (W_{\text{жэк.}i}^{\text{жас}}));$$

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{БТ,ГТ}'} = \frac{W_{\text{ктме.}i}^{\text{БТ,ГТ}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{шт.гт.}i}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{опт.}i}^{\text{ЭКНС}})} * (\sum_{i=1}^1 (W_{\text{жэк.}i}^{\text{БС}}) - \sum_{i=1}^{\theta} (W_{\text{жэк.}i}^{\text{жас}})) - W_{\text{БТ,ГТ жэк.}i}^{\text{іріктеу}};$$

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– басым тұтынушы мен гибриді топтың әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{БТ,ГТ жэк.}i}$$

– ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіден және (немесе) КТ пайдалануға берілген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіден электр энергиясының жоспарлы көлемі немесе гибриді топ әкімшісінің ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіден электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{жэк.}i}^{\text{БТ,ГТ}'}$$

– басым тұтынушыдан ЖЭК жоспарлы көлемін шегергенде басым тұтынушы үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі немесе) гибриді топ әкімшісінен ЖЭК жоспарлы көлемін шегергенде гибриді топ әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі (электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемі);

$$W_{\text{ктме.}i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– осы басым тұтынушымен бір тұлғалар тобына кіретін немесе гибриді топтың тұтынушысы осы гибриді топтың әкімшісімен бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын басым тұтынушының электр энергиясын тұтынуыдың жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{шт.гт.}i}^{\text{ЭКНС}}$$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына және

бір гибриді топқа кіретін көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$W_{ктме.i}^{ЭКНС}$

– Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес айқындалатын, жүйелік оператор бекіткен (түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген, цифрлық майнерлерді, жасыл энергияны тұтынушыларды және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алғандардың ең төменгі рұқсат етілген сағаттық сатып алу көлемінің мәніне тең электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынудың жоспарланған көлемі;

$W_{жэк.i}^{БС}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алған ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$W_{жэк.i}^{жас}$

– бірыңғай сатып алушы электр энергиясын жасыл энергияны тұтынушыларға сатқан ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$W_{БТ,ГТ жэк.i}^{іріктеу}$

– басым тұтынушыдан және (немесе) гибриді топтың әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есепке алудың жоспарлы көлемі мына мәндердің ең кішісі ретінде анықталады:

$W_{БТ,ГТ жэк.i}^{БТ,ГТ}$  и  $W_{жэк.i}^{БТ,ГТ}$  ;

$i$  – 1-ден  $k$ ,  $l$ ,  $m$ -ге, тиісінше,  $r$ -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$r$  – жоспарлы тұтыну көлемін меншік құқығындағы генерациялық қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын, гибриді топтардың шартты тұтынушылары мен және әкімшілерінің саны;

$m$  – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған цифрлық майнерлер мен жасыл энергияны тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

$l$  – есеп айырысу-қаржы орталығымен және бірыңғай сатып алушымен жасалған ЖЭК пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын сатып

алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, ЖЭК (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны ;

ө – есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатыда электр энергиясын электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес бірыңғай сатып алушыдан сатып алған жасыл энергия тұтынушылар саны.";

мынадай мазмұндағы 72-1-тармақпен толықтырылсын:

"72-1. Басым тұтынушының өкілі 1 қазанға дейінгі мерзімде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға осы Қағидалардың 72-тармағына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептеген алдағы жылға ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды осы басым тұтынушының құрамына кіретін тұлғалар арасында пайыздық басымарақатынаста бөлу (бүтінге дейін дөңгелектенеді) туралы өтініш береді.

Басым тұтынушы ЖЭК не қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын жаңа объектілерді пайдалануға енгізген кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішті басым тұтынушы жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей береді.

Егер басым тұтынушының өкілі осы тармақтың бірінші және (немесе) екінші бөлігінде көрсетілген өтініш бермесе, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осындай басым тұтынушының құрамына кіретін тұлғалар арасында ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесіне барабар бөледі.";

83-1-тармақ алып тасталсын.

84-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"84. Осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім ұзартылған жағдайда сатып алу мерзімін есептеу осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігіне, 83-тармағына сәйкес ұзартуды есепке алмай, осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну мерзімі өткен күннен кейінгі күннен басталады.".

3. "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен, өнеркәсіптік кешендермен, тікелей тұтынушылармен және басым тұтынушылармен жасалатын шарттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16241 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алушартының үлгілік нысанында:

кіріспенің 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 7-3) тармақшасына сәйкес бекітілетін Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары);";

1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) аукциондық баға – ЖЭК пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өнеркәсіптік кешендер мен тікелей тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатуы шартының үлгілік нысанында:

1-тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"9) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер және гибридті топтар әкімшілері, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы.";

4-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін тараптар қол қойған қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжат осы қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуына сәйкес есептік кезең үшін жиынтық көлемді және есептік бағаны көрсете отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген көлемді өткізу фактісін растайтын сағат бойынша бөле отырып ресімделеді;"

5-тармақтың 6) және 7) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"6) жыл сайын, 1 (бірінші) қазанға дейін Сатушыға алдағы жылға электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың болжамды жылдық айлар бойынша көлемдері туралы ақпаратты жіберуге;

7) тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжатты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының

көлемін өткізу фактісін растайтын қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың түсіндірмесіне қол қоюға;"

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Осы Шарттың 5-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген төлемді Сатып алушы Сатушы төлеуге ұсынған тиісті шот-фактураның және Тараптар қол қойған тауарларды босатуға арналған жүкқұжаттың және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, электр энергиясының көтерме сауда нарығында қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген, сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін, есепті кезеңнің әр сағаты бойынша таратып жазылған тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың негізінде жүргізеді.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.";

27-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Осы Шарт 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді және 20 \_\_\_\_\_ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін жарамды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сату шартының үлгілік нысанында:

1-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер және гибридті топтар әкімшілері, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуы шартының үлгілік нысанында:

кіріспенің 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 7-3) тармақшасына сәйкес бекітілетін Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары);";

1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің кейбір  
бұйрықтарына жаңартылатын  
энергия көздері мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
тізбеге қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 20 ақпандағы  
№ 118 бұйрығымен бекітілген

## **Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;

2) басым тұтынушылар – құрамына тікелей тұтынушылар және (немесе) өнеркәсіптік кешендер, электр энергиясын өндіру үшін қазба отындарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлға немесе тұлғалар тобы және (немесе) өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта өткізетін, жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін

пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін, оның ішінде алдағы жеті жылдық кезеңге арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды балансында есепке алынбаған, істен шыққан электр қуаттарын реконструкциялаудан кейін пайдалануға берілген) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін энергия өндіруші ұйымдар;

3) гибриді топ – электр энергиясын өндіру кезінде кезінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың жиынтық үлесі кемінде жиырма бес пайыз болатын, бір энергия торабында орналасқан және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 70-49) тармақшасында көзделген тәртіппен гибриді топтар тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тобы;

4) гибриді топтың әкімшісі – гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын осы гибриді топ ішінде және (немесе) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында кейінен тұтынушыларға өткізу (сату) мақсатында сатып алуды (сатып алуды) жүзеге асыратын, гибриді топқа кіретін, сондай-ақ гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылар үшін теңгерім провайдері болып табылатын заңды тұлға;

5) гибриді топ тұтынушысы – электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын және гибриді топтардың тізбесіне енгізілген тұтынушы;

6) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындаған, "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

7) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – Заңның 1-бабының б) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын, жасыл энергияны тұтынушыларға тиесілі шығындарды шегергенде, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушының шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын тиісті шығындар, электр



энергиясының теңгерімдеуші нарығында жұмсалған шығындар (кірістерді шегергенде), резервтік қорды қалыптастыруға арналған шығындар және оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

8) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

9) жасыл тариф – осы Қағидаларға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

10) жасыл тариф – уәкілетті орган бекіткен жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

11) қайталама энергетикалық ресурстар – электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ферроқорытпа, кокс және доменді газдарды пайдалану бөлігінде өнеркәсіптік өндіріс процесінде жанама өнім ретінде түзілетін энергетикалық ресурстар ;

12) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

13) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін технологиялық жағынан қажетті, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

14) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) операциялық шығындар – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

16) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамындағы меншік, жалға алу немесе өзге де заттық құқықтағы генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

17) резервтік қор – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнаулы банк шотында сақталады және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері тарапынан төлем жасалмау немесе төлемді кідірту салдарынан туындайтын кассалық алшақтықтар мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешегін жабуға ғана пайдаланылады;

18) тікелей тұтынушылар – жасалған екіжақты шарттарға сәйкес өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

19) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

20) шартты тұтынушы – өзімен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, Заңға сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және басым тұтынушы;

21) бірыңғай сатып алушы – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңда көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;

22) электр энергиясын тұтыну аймағы – жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндірген электр энергиясын тұтынуға кедергі келтіретін техникалық сипаттағы шектеулері жоқ Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігі;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздері және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

## 2-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған нақтытарифті тәуліктің нақты сағатына есептеу тәртібі

3. Есептік кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің тиісті сағаты үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{қолд нақт}}^{\text{ЖЭК}} = \frac{(\sum_{i=1}^p (C_{\text{жэк}(1),i} * W_{\text{жэк}(1),i}) + \sum_{i=1}^w (C_{\text{жэк}(2),i} * W_{\text{жэк}(2),i}) + S_{\text{ЖЭК}}^{a-t/\tau} + S_{\text{ЖЭК}}^{\text{эти}} + S_{\text{опер}}^{\text{БС}} + S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}} - T_{\text{жас}} * \sum_{i=1}^q (W_{\text{жэк},i}^{\text{жас}}))}{N_{\text{мес}} \cdot \frac{\sum_{i=1}^r (W_{\text{виэ}(a),i}) - \sum_{i=1}^q (W_{\text{жэк},i}^{\text{ЗЕЛ}})}{}};$$

– есептік кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің тиісті сағаты үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф теңгемен/кВт \* сағ (он мыңдыққа дейін дөңгелектенеді);

$S_{рез.қор}^{БС}$

– Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14210 болып тіркелген) бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Резервтік қор қағидалары) сәйкес айқындалатын, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және қаржы-есеп айырысу орталығымен және (немесе) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алғаны үшін тиісті есептік кезең үшін резервтік қорды қалыптастыруға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жоспарлы шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен;

$\Pi_{жЭК(1).i}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) і-інші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт\*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$W_{жЭК(1).i}$

– жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) і-інші энергия өндіруші ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, теңгемен/кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Pi_{жЭК(2).i}$

– қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) і-інші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт\*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$W_{жЭК(2).i}$

– қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығында өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес тәуліктің осы сағатына жататын, есеп

айырысу жылы үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) і-інші энергия өндіруші ұйым сатқан электр энергия көлемі, кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ЖЭК}}^{\text{е-т/т}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған нақты шығындары ҚҚС-сыз, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{ЖЭК}}^{\text{е-т/т}} = T_{\text{е-т/т}} * W_{\text{жэк,нақт(ай)}}$$

, мұндағы

$$T_{\text{е-т/т}}$$

– тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жүйелік оператордың тарифі, ҚҚС-сыз теңгемен/кВт\*сағ;

$$W_{\text{жэк,нақт}}$$

– тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік ай) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және (немесе) есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған, электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясының нақты көлемі теңгемен/кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ЖЭК}}^{\text{эти}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (кірістерді шегергенде) шеккен нақты шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{опер}}^{\text{БС}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен;

$$S_{\text{опер}}^{\text{БС}} = T_{\text{ОСБ}} * \sum_{i=1}^r (W_{\text{ктме},i}^{\text{БС}}) - \Delta\text{ЖЫЛ}$$

; мұндағы

$T_{OCB}$

– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14778 болып тіркелген) бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына (бұдан әрі – Баға белгілеу қағидалары) сәйкес белгіленген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату бағасы, теңгемен, 1 кВт\*сағ;

$W_{ктме,i}^{BC}$

–цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін, атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының  $i$ -субъектісі тәуліктің тиісті сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі, теңгемен (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Delta$ ЖЫЛ

– Баға белгілеу қағидаларына сәйкес белгіленетін (жүзге дейін дөңгелектенеді), электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сату бағасын қалыптастыру кезінде ескерілетін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өз қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындары мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өз қызметін күнтізбелік жылы жүзеге асыруына байланысты шығындарының айырмашылығы айырма күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жылына бір рет мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Delta \text{ЖЫЛ} = \sum S_{\text{опер}}^{BC} - \sum S_{\text{опер.ЦПП}}^{BC}$$

, мұндағы

$S_{\text{опер.ЦПП}}^{BC}$

– Баға белгілеу қағидаларына сәйкес белгіленген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сату бағасын қалыптастыру кезінде ескерілетін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының күнтізбелік жылдағы қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындары, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$$T_{OCB} = \frac{Z_{BC}}{\sum_{i=1}^r (W_{ктме,i}^{BC})};$$

$Z_{BC}$

– алдағы күнтізбелік жылда электр энергиясын бірыңғай сатып алушының Баға белгілеу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған электр энергиясының бір киловатт-сағатына шаққандағы есебінен электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату жөніндегі қызметін жүзеге асыруға байланысты негізделген шығындары, теңгемен (онға дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^r$$

– реттік нөмір 1-ден r-ге дейін өзгертін і бойынша қосынды;

r – тәуліктің тиісті сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің жалпы саны.

$$T_{\text{жас}}$$

– есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің тиісті сағаты үшін жасыл тариф, теңге/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$W_{\text{ЖЭК}(з).i}$$

– жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) і-інші энергия өндіруші ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының жоспарлы көлемі, кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$W_{\text{виз}.i}^{\text{жас}}$$

– жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген (түзетулерді ескере отырып) жасыл энергияның і-ші тұтынушысы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді).

### 3-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған нақты жасыл тарифін есептеу тәртібі

4. Есептік кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің тиісті сағаты үшін жасыл тарифтің нақты мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{жасыл}} = \frac{(\sum_{i=1}^p (\text{Ц}_{\text{жЭК}(1).i} * W_{\text{жЭК}(1).i}) + \sum_{i=1}^w (\text{Ц}_{\text{жЭК}(2).i} * W_{\text{жЭК}(2).i}) + S_{\text{ЖЭК}}^{\theta-\tau/\tau} + S_{\text{ЖЭК}}^{\text{тэн}} + S_{\text{опер}}^{\text{БС}} + S_{\text{рез.кор}}^{\text{БС}})}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{жЭК}(з).i})}$$

$$T_{\text{жасыл}}$$

– есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің тиісті сағаты үшін жасыл тариф, теңгемен/кВт\*сағ (он мыңға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(3).i}$

– қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудыдан басқа жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын і энергия өндіруші ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты шеңберінде тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға есептік кезеңде (күнтізбелік айда) сатқан электр энергиясының жоспарлы көлемі, кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}}$

– Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14210 болып тіркелген) бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Резервтік қор қағидалары) сәйкес айқындалатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығымен және (немесе) бірыңғай сатып алушымен жасалған, электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу үшін тиісті есептік кезең үшін резервтік қорды қалыптастыруға арналған жоспарлы шығындары, теңгемен, ҚҚС-сыз;

$\Pi_{\text{жЭК}(1).i}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(1).i}$

– қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудыдан басқа жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты шеңберінде тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға есептік кезеңде (күнтізбелік айда) сатқан электр энергиясының көлемі кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Pi_{\text{жЭК}(2).i}$

– есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$W_{\text{жЭК}(2),i}$$

– қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудыдан басқа, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйым электр энергиясын көтерме сауда нарығында өндірудің-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алудың ұзақ мерзімді шарты шеңберінде есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, кВт\*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{жЭК}}^{\theta-T/T}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезең үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге нақты шығындары теңгемен, ҚҚС-сыз (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{жЭК}}^{\theta-T/T} = T_{\theta-T/T} * W_{\text{жЭК.нақт}}(\text{ай});$$

, мұндағы

$$T_{\theta-T/T}$$

– тиісті есептік кезең үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жүйелік оператордың тарифі, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт\*сағ;

$$W_{\text{жЭК.нақт}}$$

– тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік айда) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудыдан басқа жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және есеп айырысу-қаржы орталығымен және (немесе) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдар (бүтінге дейін дөңгелектенеді) өндірген электр энергиясының нақты көлемі, кВт\*сағ;

$$S_{\text{жЭК}}^{\text{тэн}}$$

– электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (кірістерді шегергенде), тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудыдан



басқа) жұмсалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{опер}}^{\text{БС}}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өз қызметін тиісті есептік кезеңде ( күнтізбелік айға) жүзеге асыруына байланысты нақты шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен;

$$S_{\text{опер}}^{\text{БС}} = T_{\text{ОСБ}} * \sum_{i=1}^r (W_{\text{КТМЕ.}i}^{\text{БС}}) - \Delta\text{ЖЫЛ}$$

; мұндағы

$T_{\text{ОСБ}}$

– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14778 болып тіркелген) бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына (бұдан әрі – Баға белгілеу қағидалары) сәйкес белгіленген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату бағасы, 1 кВтсағ-қа теңгемен;

$W_{\text{КТМЕ.}i}^{\text{БС}}$

– цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін, атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-ші субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің тиісті сағатында сатып алған электр энергиясының көлемі теңге (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Delta\text{ЖЫЛ}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өз қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындарының баға белгілеу қағидаларына сәйкес теңгемен ( жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындарының айырмашылығы, күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет келесі формаула бойынша есептеледі:

$$\Delta\text{ЖЫЛ} = \sum S_{\text{опер}}^{\text{БС}} - \sum S_{\text{опер.ЦПП}}^{\text{БС}}$$

, мұндағы

$\sum S_{\text{опер.ЦПП}}^{\text{БС}}$

– Баға белгілеу қағидаларына сәйкес белгіленетін электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату бағасын қалыптастыру кезінде ескерілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының күнтізбелік жылы өз қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындары, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$T_{\text{ОСБ}} = \frac{Z_{\text{БС}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БС}})}, \text{ мұндағы}$$

$Z_{\text{БС}}$

– Баға белгілеу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған электр энергиясының бір киловатт-сағатына шаққандағы есебінен алдағы күнтізбелік жылы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату жөніндегі қызметін жүзеге асыруға байланысты негізделген шығындары теңгемен (оннан онға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^r$

–  $i$  бойынша қосынды;

$i$  – 1-ден  $r$ -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$r$  – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің тиісті сағатында электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің жалпы саны.

5. Жаңартылатын энергия көздерін қолдау шығындары мыналарды қамтиды:

1) Заңның 1-бабының б) тармақшасына сәйкес жасыл энергияны тұтынушыларға кететін шығындарды шегергендегі электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған шығындары;

2) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған шығындар, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жұмсалған шығындар (кірістерді шегергенде);

3) Резервтік қор Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын резервтік қорды қалыптастыруға арналған шығындар;

4) Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының Баға белгілеу қағидаларында белгіленген тәртіппен айқындалатын операциялық шығындары;

5) Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында шеккен шығындары (кірістерді шегергенде).

6. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының операциялық шығындары жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидалары





Электр энергиясын желілерге жіберудің болжамды көлемдері														
	қаңта р	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым	шілде	тамыз	қыркү йек	қазан	қараш а	желто қсан	Жыл	
1														

Өндірістік кешен болып табылатын шартты тұтынушының бірінші басшысы  
\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

5-нысан

202\_\_ жылға арналған электр \_\_\_\_\_

(Басым тұтынушы болып табылатын шартты тұтынушының атауы) энергиясын тұтынудың болжамды көлемдері

Р/н№	Басым тұтынушы болып табылатын шартты тұтынушының атауы	Электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемдері												
		қаңта р	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым	шілде	тамыз	қыркү йек	қазан	қараш а	желто қсан	Жыл
	ЭӨҰ атауы	Электр энергиясын өндірудің болжамды көлемдері												
		қаңта р	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым	шілде	тамыз	қыркү йек	қазан	қараш а	желто қсан	Жыл
1														
	ЖЭК объектісінің атауы	Электр энергиясын желілерге жіберудің болжамды көлемдері												
		қаңта р	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым	шілде	тамыз	қыркү йек	қазан	қараш а	желто қсан	Жыл
1														
	Тұтынушының атауы	ЭӨҰ–дан электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемдері												
		қаңта р	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым	шілде	тамыз	қыркү йек	қазан	қараш а	желто қсан	Жыл
1														
...														
	Жиыны:													

Басым тұтынушы болып табылатын шартты тұтынушысының бірінші басшысы

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Энергия өндіруші ұйымның бірінші басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның бірінші басшысы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ